



“БАЛДӘУРЕН” - ТЫНЫСЫ

№19 1 ауысым 28 қаңтар 2023 жыл (ауысым сайын)

Балалар мен жасөспірімдер журналы

**«Жылы жүрек» отбасылық
құндылықтар акциясы**





БОСЫМБАЕВ Даурен Абдикаримович,
«Балдәурен» РОСО филиал директоры.
Түркістан облысы, Төлеби ауданы

Ұлттық тәрбие

Бүгінгі таңда ғасырлар қойнауында қалыптасқан ұлттық тәрбиені, озық та өнегелі дәстүрді, асыл қасиеттерді жастар бойына қалыптастыруда, оны ұтымды пайдалану-аса маңызды міндеттердің біріне айналып отырғаны даусыз. Сондықтан ұлттық мәдениеттің, әдебиеттің, тілдің, халықтық педагогиканың тарихы мен болашағы да мектептегі жас ұрпақ тәрбиесіне байланысты. Әр ұлттың қай кезеңде болмасын алдында тұратын ұлы міндеттерінің ең бастысы-өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Болашақ қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл парасаты мол, мәдени, ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу- аға буынның қоғам алдындағы зор борышы. Ал жастарды жан-жақты қабілетті азамат етіп өсіруде халықтық салт дәстүрлердің тәлім - тәрбиелік білім, танымдық ролі зор. Қазақ халқы - рухани зор байлықтың мұрагері. Ежелгі ата-бабаларымыздың күмбірлеген күміс күйі, сыбызғы сырнайының үні, асқақтата салған әсем әні, ғашықтық жырлары, шешендік сөз, айтыс өлеңдерінің сан ғасыр бойы өз ұрпағын сегіз қырлы, бір сырлы, өнегелі де өнерлі адамгершілік ар-ожданы жоғары намысқой азамат етіп тәрбиелеп келгені тарихи шындық. Қазақ халқы бала тәрбиесіне өте көп көңіл бөлген.

Қорыта айтқанда бүгінгі күнде жастарды әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат мұраларын жастардың санасына сіңіре білу басты міндетіміз болуы қажет. Жас ұрпақты Отанын, туған жерін сүйіп, оны қорғай білуге үйрету, оқушы бойында патриоттық сезім мен адамгершілік сананы қалыптастыру-егеменді мемлекетіміздің, әр отбасы мен азаматтарының міндеті. Елдің ертеңгі ұрпағы, киелі жердің иесі-жастар. Тәрбиенің көзі-ата бабамыздан қалған дана сөздер десек, біз сол насихаттың үгітшісіміз. Бұл мәселеге қоғам алдындағы үлкен міндет ретінде қараған жөн. Себебі, ұлттық тәрбие - ұлттың болашағы!



ЕРНАЗАРОВА Айнұр Шүкірқызы,
«Балдәурен» РСО филиалының
ұйымдастырушы-ұстазы.
Түркістан облысы, Төлеби ауданы

«Мейірімділікпен әрекет ет, бірақ алғыс күтпе»

Мейірім – адам бойындағы шынайылық пен сүйіспеншіліктен туындайтын жүрек мейірбандығы. «Адам баласынан мейірім қашса, жер бетінен жақсылық қашады» - деген екен данышпан халқымыз. Қазіргі жастар тәрбиесінде жүректі ізгілендіру, жүректі нұрландыру арқылы адам жанына әсер ету үрдісі кең қолданылып келеді. «Мейірімділікпен әрекет ет, бірақ алғыс күтпе» деген көне қытай ойшылы Конфуций. Кезінде Абай атамыз да өзінің қара сөздерінде «Тірі адамның жүректен аяулы жері жоқ» - деген. Мейірімділік - адамның өзге біреуге жылылығын, ізгі ниеті мен лебізін білдіру көрінісі. Мейірімділік адамдар арасындағы сыйластық, кең пейілділік, жанашырлық, ізгі ниет секілді қасиеттерге негізделеді.

Адамшылық, мейірбандық қасиетті бойына сіңіріп, әрбір адам баласын «өз бауырым» деп ойлау мақсатында 2023 жылдың алғашқы ауысымы «Жылы жүрек» отбасылық құндылықтар акциясы деп аталынды. Еліміздің 8 облысының оқушыларының басын қосқан алғашқы ауысым барысында оқушыларымызға адамның ең асыл қасиеті «мейірімділік» жайлы кеңінен түсіндіріліп, бір-бірімен жасаған қарым қатынасының жақсы болуы түсіндіріліп, түрлі іс-шаралар мен қойылымдар көрсетілді. Ауысым барысында «Имандылық иірімі» дөңгелек үстелі, «Өнегелі оқушы» зияткерлік сайысы, «Тәртіп – тәрбие бастауы» ақыл-ой сағаты, және де түрлі мейірімділікке бастар кештер мен тәрбие сағаттары ұйымдастырылды.

Еліміздің ертеңі болар жастарымыздың бойында болуы керек адамгершілік, мейірбандық, еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктерінің артуына ықпал еткен I ауысым өте жоғар деңгейде ұйымдастырылып, сәтті түрде аяқталды. Балалардың бақыт мекеніне айналған «Балдәурен» РСО өзінің сүйікті оқушылары үшін есігін қашанда айқара ашып, мейірім шуағын мәңгі шашары сөзсіз.

«Talk live» танысу кеші



Орталығымызда ауысымның ең алғашқы дәстүрге айналған ісшарасы «Talk live» танысу кеші болып өтті. Кеш барысында орталықтың ережелерімен, айнымас заңдарымен, қатаң қағидаларымен оқушыларды таныстырды. «Оң қол» заңы, «Сол қол» заңы, «Асхана ережесі», «Twix» заңы, және т.б орталық ережелерімен таныстырып, сол заңдарға бағынып,

ішкі тәртіпті ұстануды талап етті. Кереметтей кеште түрлі ойындар ойнатылып, ұйымдастырушы-ұстаздармен бірге ән шырқап, би биленді. Осылайша 2023 жылдың бірінші ауысымының танысу кеші ауысым қатысушыларымен қызыққа толы болды.



«Сенім» ұйымының үміткерлерімен танысу

Уақытша құрылған ортада ең білімді, ең алғыр, ең ізденімпаз, ең жүйрік оқушылардың болары да сөзсіз. Сол оқушылар арасынан «Өзін-өзі басқару» ұйымының президенті мен министрлерін анықтау мақсатында үміткерлермен танысу болып өтті. Әр топтан жан-жақты дамыған, мықты оқушыларымыз қатысты. Әр оқушы өзінің ауысым президенті болғанда атқаратын негізгі жұмыстарын айтып, ортаға салды.



Бірі тематикалық күндерді қызықты өткізуге өз үлесін қосамын десе, енді бірі көңілді танымдық кештерді көптеп ұйымдастыратындығын жеткізді. Әрине, кілең жүйріктердің ішінен біреуін таңдау әділ-қазы алқаларына қиынға түсті.



Десек те, сайыстың аты- сайыс. Жалпы үміткерлеріміз өздерін таныстырып, атқарылатын жұмыстарын ортаға салып болған соң, сайлау да басталып кетті. Әр топ өзінің үміткерін сайлай алмайды. 1-ауысымның «Сенім» ұйымының президентін ауысымның ашылу салтанатында білетін боламыз. Үміткерлерге сәттілік тілейміз!



«Жылы жүрек» топ визиткасын қорғау кеші



Орталыққа келгелі балалардың ең алғашқы болып топтың ынтымағын, татулығын, ұйымшылдығы мен өнерін көрсететін ең керемет дәстүрлі іс-шара – топ визиткасын қорғау кеші. Балалар жас ерекшеліктеріне қарай топтарға топтастырылады. Әр топ өзінің ерекше қойылған атымен, санамағы, әнұраны мен әнін айтып өзара жарысқа түседі. Барынша ауысым тақырыбынан ауытқып кетпеулері қадағаланады. Бір топ сахна төріне

шыққанда келесі топтар қолдау көрсетіп, қошеметтеп отырады. Топ визиткасын қорғау кешінің тағы бір ерекшелігі – бұл жарысқа барлық топ мүшелері қатысады. Топ болып өзінің татулығын, бірлігін, ұйымшылдығын көрсетеді. Ең керемет визитка қорғау кеші дәл осы 1-ауысымда болып өтті. Бірі-бірінен озып тұрған топтарымыз кештің көңілді өтуіне аянбай ат салысты. 1-ауысымның «Жылы жүрек» атты визитка кешінің «Ең үздік топ» номинациясын 1-топ жеңіп алды. Ауысым барысындағы алғашқы Жеңістерің құтты болсын! Алдағы топтық іс-шараларда бақтарың жана берсін.



2023 жылдың 1 ауысымының ашылу салтанаты



Алақай, міне нағыз «Балдәурендіктер» атанған күн! Сәлем, досым! Балдәурендегі қызықты кештерді сағындың ба? Сүйікті Балдәурендерің сендерді қашанда ыстық ұясында күтеді.

Ашылу-салтанаты орталықтың ең негізгі іс-шарасы. Ауысым тақырыбына сай сахналық қойылым

қойылып, әсем ән шырқалды. Сұлу қыздарымыз мың бұралып би билеп сахнаның көркін келтірді. Орталықтың директоры бізге тілек айтып, ауысымға сәттілік тіледі. «Сенім» ұйымының президенті болып 8-топ демалушысы Баелова Ақторғын 46,7 % дауыс жинап «Ауысым президенті» атанды. Ауысымға сәттілік тілейміз.



«Мектеп – кеме, білім - теңіз» мектеп презентациясы



Оқу жылы барысында өткізілетін дәстүрлі, негізгі іс-шараның бірі – мектеп презентациясы. Оқушыларды қабылдап, сынып-сыныптарға бөлу, пән мұғалімдерін таныстыру мақсатында әр ауысым сайын ұйымдастырылады. Жалпы ауысым бойынша 7-8-9 сыныптарда балалар білім

алып, өз білімдерін түрлі зияткерлік-танымдық сайыстарда сынайтын болады. Оқушылар пән мұғалімдерімен, сынып жетекшілерімен танысты. Әр бала өз сынып жетекшісімен өз сыныбына барып, сынып сағатына қатысты. 1-ауысымда демалушыларымызды көптеген қызықты ойындар, танымдық-зияткерлік кештер күтуде. Оқушыларымыз өз белсенділіктерін көрсетіп, әр сайысқа белсене қатысады деген ойдамыз. Ел ертеңі болар білімді ұрпақтарымыз көп болсын! Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы!



«New Zhastar» педагогикалық тобымен танысу кеші

Бақыттың ордасы - Балдәуренге келген балалардың жүрегінен ерекше орын алған «Жастар» педагогикалық тобымен танысу кеші әр ауысым сайын міндетті түрде өткізіледі. Сахнаның көрінісі өте ерекше сәнделген. Демалушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды.



Ұйымдастырушы-ұстаздарымыз топ болып билеп, ән айтты. Және де Балдәурендік жас достарға нағыз топтың қандай тату, ұйымшыл болу керектігін көрсетті. Орталыққа келген әр бала өз ұйымдастырушы-ұстазына қарап бой түзейді, үлгі тұтады.



«Чудеса нового года» театрландырылған қойылым



Оқушыларымызды сахна мәдениетіне тәрбиелеу мақсатында «Чудеса нового года» театрландырылған қойылым болып өтті. Әр топ қызу дайындықпен келіп, сахналық қойылым көрсетті. Ерекше безендірілген сахна, кереметтей көңіл күй барлығы осы кештің қонақтарына арналды. Кеш өте жоғары деңгейде өтті.



«Өнердің асыл пернесі...» шығармашылық байқауы



Ауысым сайын орталықта түрлі шығармашылық байқаулар өтеді. 1 - ауысымның шығармашылық байқауы 16 қаңтар күні болып өтті. Балалар өздерінің ерекше қабілеттеріне байланысты түрлі шығармашылық сайыстарға, «Шебер қолдар», «Қол өнер», «Домбыра», «Мәнерлеп оқу», «Жазушылар», «Жайдарман», «Дәстүрлі ән», «Хореография»,

«Доппен трюк», «Ертегілер әлемі», «Вокал», «Конференсы» және т.б қатысып, өз бақтарын сынады. Жалпы ереже бойынша 50 мин уақыт беріледі. Сол уақыт аралығында балалардың шығармашылық қабілетін анықтап, жүлделі 1-2-3-орындар белгіленеді. Жеңімпаздарымызды «Ерекше кеш» кейіпкерлер диско-фиестасында марапаттайтын болады.



«МузLive» танымдық ойыны



Орталығымызда Білім кешенінің ұйымдастыруымен, оқушылардың музыкалық таным-түсінігін арттыру мақсатында «МузLive» танымдық ойын болып өтті. Музыкаға ықыласы ерекше 8 топтан оқушылар қатысып, түрлі сұрақтарға жауап беріп, айтылған әннің жалғасын, орындаушысын тапты. Танымдық ойынымыз өте жоғары деңгейде ұйымдастырылып, қызықты болып өтті.



«Түркістан – киелі мекенім!» өлкемен танысу бекет ойыны

Өлкемен танысу мақсатында «Түркістан - киелі мекенім!» атты бекет бойынша ойыны өтті. Іс-шара барысында облыс орталығына айналған Түркістан қаласы жайлы көптеген құнды мағлұматтар беріліп, оқушылардың таным түсінігі артты. Сахналық қойылым көрсетілді. Облысымыздың кереметтей киелі жерлерімен балалар танысып, олардың тарихына көз жүгіртті. Әр бала өзінің тарихын білуге міндетті. Ұлтжанды патриот ұрпақты тәрбиелеу, жерді, отанды сүйге ынталандыру баршамызға міндет.



«Өнегелі оқушы» зияткерлік сайыс

Әр ауысым сайын орталығымызда «Білім кешенінің» ұйымдастыруымен түрлі танымдық-зияткерлік ойындар өткізіледі. Оқушылардың ойлау қабілетін, ой-ұшқырлығын арттыра отырып, ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, жинақы болуға, және білім алуға деген құштарлықтарын ашып, өзгенің ойын тыңдап, сыйлау дағдыларын қалыптастыру үшін зияткерлік сайысы таптырмас ойын түрі. Ойын тартысқа толы болды. Әр оқушы өзінің ұйымшылдығын, тапқырлығын көрсете білді.



«Best wishes for you» туған күн иелеріне арналған кеш

Жылына бір келетін жекеменшік мерекені әсіресе балалар асыға күтеді. Барлық ізгі тілектер, бірі-бірінен әсем сыйлықтар бәрі-бәрі осы ерекше күн иесіне арналады. Әр ауысым сайын дәстүрге айналған негізгі іс-шараның бірі осы - туған күн иелеріне арналған кеш. Туған күн – кез-келген адам баласының өмірінде ерекше орын алатын естенкетпес мерекенің бірі. Барлық бала үшін кереметтей қойылым қойылып, ойындар ойнатылды. Аспазшы апайларымыздың дайындаған дәмді торты ортаға әкелініп туған күн иелеріне табысталды. Орталық басшысының құттықтау грамотасымен марапатталып, сыйлықтар сыйланды. Кеш қызыққа толы болды.



«Champion» СМ ойындары

Спорт біздің досымыз
Күш қайраты сыналған.
Спорт біздің досымыз,
Бала кезден шыңдалған.

Қазақ жерінде спорттың алғашқы белгілері VII ғасырда пайда бола бастады. Көне заманнан бастап, халқымыз садақ тарту, бәйге, күрес, сайыс сияқты көптеген спорт түрлерімен айналысып, өздерінің рухани байлықтарын толықтырып отырған. Ата-бабаларымыз әрдайым ұлттық спорт түрлерін, дене жаттығуларын жетілдіріп, оларды кейінгі ұрпаққа насихаттаған. Әр рудың, жүз бен болыстың өз батыры, балуаны мен аты шыққан мықты мергені болатын. Олар өз руының намысын қорғап, қарсыласын жеңу үшін барлық күштерін аямаған.

Салауатты өмір салтын қашанда берік ұстауды насихаттап, балалардың дұрыс дамуы мен жетілуіне басты назар аударылатын «Champion» СМ ойындары болып өтті. Жарысымыз екі күн бойы жалғасын тауып әр түрлі спорттық ойындар бойынша оқушылар жекелей және топтық біріншіліктер бойынша сайысқа түседі. Үздіктерден үздік шыққан оқушыларымыз анықталып, марапатталды. Салауатты өмір салтын Балдәурендіктермен бірге ұстанайық!



«Биле, Балдәурен!» танцевальный батл

Қаңтар айының 22 жұлдызы күні орталығымызда топтар арасында қызыққа толы «Биле, Балдәурен» танцевальный батл болып өтті. 8 топтың ішінен биге икемі бар оқушылар таңдап алынып, әр оқушы өзінің тобы үшін тартысқа түсті.

Әсем әннің ырғағына сай биі мен киім үлгісі ерекше, биге



қатысушы оқушыларымыздың қимылының бірегейлігіне қарай жеңімпаздар анықталды. «Биле, Балдәурен!» танцевальный батлдың жеңімпазы ----тобы болды. Жеңіс құтты болсын!



«Қызық екен» танымдық ойыны



Ойын – бұл бала үшін ой иелігінен өткен құбылыс, бала өз еркімен ойынға қатысып, жаңа тәжірибе алмасып, одан алған білімі оның жеке байлығы болады, сондықтан оны басқа жағдайларда қолдана алады. Алған тәжірибесі балаға өз ойында қолдануға мүмкіншілік беріп, оның шығармашылық ұсынысын

дамытады. Зияткерлік, танымдық, интеллектуалдық ойындарды ұйымдастыру арқылы балалардың білімдерін одан әрі толықтырып, дұрыс бағыт бағдар беріледі. Орталықта көптеген танымдық, зияткерлік ойындар ұйымдастырылып отырады.

Ауысымның орта беліне келе патриоттық пен елжандылыққа елітер ауысым тақырыбына сай негізгі іс-шаралардың бірі «Қызық екен» танымдық ойыны болып өтті. Бала бойына ел мен жерге деген махаббат пен жанашырлықты дәріптей отырып, жылдамдыққа, мектеп қабырғасында жүріп алған білімдерін таныта келе жеңіске деген құштарлығын, табандылығын тағы да сынға салды. Сайысты қорытындылай келе, ең алғыр, ең білімді балалар марапатталды.



2023 жылдың 1 ауысымының жабылу салтанаты

Міне, 20 күнге созылған 2023 жылдың алғашқы ауысымы «Жылы жүрек» отбасылық құндылықтар акциясы да аяқталды. Жас Балдәурендік достарымыздың демалыстары қызыққа толы, әрі есте қалардай өткеніне сеніміміз мол. Ауысым барысында өзінің ұйымшылдығымен, белсенділігімен көзге түскен оқушыларымыз «Қазақстанның жас патриоттар академиясына» қабылданды.



20 күн бойы ұйымдастырушы-ұстаздарымызға көмегін беріп, оқушылардың демалыстарының сапалы өтуіне атсалысқан «Сенім» ұйымының президенті мен министрлеріне айтар алғысымыз шексіз. Арман аралы «Балдәурен» қашанда сіздерді өзінің ыстық ұясында күтеді. Қайта кездескенше 1 ауысым демалушылары, сәт-сапар тілейміз!



«I love Baldauren» гала-концерт



Ауысым барысындағы қызыққа толы сәттер, көңілді диско-фiesta, түрлі іс-шаралар мен тартысқа толы жарыстар, бәрі, бәрі де соңына таяды. Қайта оралмас күндер-ай! - десеңші. Қоштасу сәті - өмірдегі ең қиын сәттердің бірі. Орталыққа келген әр баланың жүрегінде отбасына

деген сағыныш тұрса, жаңа достар мен өз ұйымдастырушы-ұстаздарына деген қимастық сезімі де қатар тұрады. Ендеше, соңғы қоштасу кешімізде бақыттың ордасы болған - Балдәуренге айтар алғысымыз шексіз!

Қош бол, Балдәурен!
Қайта айналып келгенше!





Бас редактор: *Ерназарова Айнуэр Шүкірқызы*





baldauren

Мекен-жайы:

*Түркістан облысы, Төлеби ауданы,
Нысанбек ауылы, Үшсала көшесі, 32 үй*

Телефон: +7 (777) 357 07 37

E-mail & baldauren_2@inbox.ru